Профессию педагога считают редким даром души, и это правда. Современный педагог должен уметь правильно вести диалог с обучающимися. Мы считаем, что Ф.С. Ташимова, обладая широким жизненным и профессиональным кругозором, нашла к нам подход и установила с нами тесную взаимосвязь, благодаря которой мы воспринимали сложные темы психологии с легкостью. Например, понятия «бессознательного», «психоанализ», «психологическая защита» для нас были чем-то непостижимым и таинственным, но это было продемонстрировано в процессе тренингов. Мы уяснили принципы когнитивной психологии и находили у себя когнитивные ошибки. Мы научились составлять портрет человека по конституции, по невербальным способам поведения и многое другое. Мы лучше усвоили закономерности кредитной технологии в образовании, пройдя поведенческую психологию, в которой зарождалась данная система. Мы анализировали свою систему Я, которая состоит из множества других людей, их воздействий и многое смогли осознать, особенно в отношениях с самыми близкими для нас людьми, родителями. У нас была возможность по новому открыть для себя вклады каждого и вовремя отблагодарить, высказать свои мысли. Полученные знания на ее занятияхявляются одними из ценнейших не только в нашей профессиональной деятельности, но и в жизни в целом.

**Наргиза АЙСАЕВА;**
**Мария КОЛОМИЙЦЕВА,**
*магистранты 1 курса специальностей «Научная история» и «Пед. история»*

**28 мамырда ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Алматы қаласының 1000 жылдығына арналған Түлектер күні өтеді**

# ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ МОБИЛЬДІ МЕДИА МЕКТЕП

**Жақында Оңтүстік Қазақстан облысының бірнеше ауданында журналистика факультеті, баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының ұйымдастыруымен мобильді медиа мектеп өтті.**




Шара Шымкент қаласы әкімінің қолдауымен және БҰҰ Тұрақты даму саласындағы мақсаттар аясында Бүкіләлемдік баспасөз күніне арналды. Негізгі тақырып аясы Шымкенттің тұрақты даму жолындағы медиа-ақпараттық сауаттылық мәселелерін қамтыды.

Медиа мектептің ашылу салтанаты Шымкент қаласындағы Rixos Khadisha қонақ үйінің Қажымұқан атындағы мәжіліс залында ұйымдастырылды. Ашылу салтанатында Алматыдағы ЮНЕСКО кластерлік бюросының өкілі Властимил Самек мырза қатысушыларға сәттілік тілеп, өңірлердегі медиа-сауаттылық, интернет қауіпсіздік мәселелерін дамытуды үздіксіз жүргізу қажеттілігіне тоқталды. Сонымен қатар қатысушыларды ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен құттықтады. Медиа мектеп жұмысына жоғары баға берді. Ұлы Жібек жолының орталығы болған Шымкент аймағындағы мобильді медиа мектепке «Медиа-Керуен» деген атау беруге болатынын айтты.

Шараның ашылу салтанатында профессор Гүлмира Серікбайқызы республиканың әр өңірінен келген жас журналистерге, медиа мамандарына алғыс білдірді. «Журналистердің біліктілігін арттырып, жас жеткіншектерді дұрыс жолға бағыттау, медиа-сауаттылығын арттыру, ақпараттық тасқынның жетегінде кетпей, дұрыс бағытты ұстану жолдарын үйрету – басты міндетіміз», – деді ол. Қысқы және Жазғы медиа мектеп тәжірибесінен кейін осындай мобильді медиа-мектептерді аймақтарда алғаш рет өткізуге БҰҰ-ның және Шымкент қаласы әкімдігінің қолдау көрсеткеніне үлкен алғыс айтты.

Үш күнге созылған медиа мектеп жұмысы Шымкент – Шәуілдір – Арыстанбаб – Түркістан – Кентау – Шаян – Ақмешіт – Домалақ-Ана сияқты қасиетті аймақтарда жүріп өтті. Медиа дәрістер Арыстанбаб кесенесі жанында және Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ-да, Ақмешіт қасиетті үңгірінде өтті. Қатысушылар «Тұрақты қала дамуы және медиа сауаттылық», «Ақпараттық сауатты ауыл тұрғындары», «Жаңалықтар сауаттылығы» атты үш модуль бойынша дәрістер тыңдады. Елімізге белгілі журналистер, IT мамандары өткізген сабақтар қызықты әрі тағылымы мол болды.

Алғашқы сабақты «Мінбер» журналистерді қолдау қорының президенті, ф.ғ.к., доцент Есенгүл Кәпқызы «Қауымдық БАҚ және олардың міндеті» тақырыбында өткізді. Қауымдық мультимедиалық орталықтың жергілікті, ұлттық, аймақтық түрлеріне тоқталып, елімізде енді ғана дамып келе жатқан қоғамдық телерадионың мүмкіндіктерімен таныстырды.

Елімізге танымал тележүргізуші, бірнеше теле жобалардың авторы Асхат Садырбай өз дәрісінде бүгінгі БАҚ-тағы сенсация мен рейтинг жолында журналистік этика мен журналистік шеберлік сапасының төмендеп кеткенін ашық айтты. Ақпарат таратудың түрлі әдіс-тәсілдерін әлі де дамытудың жолдарын қарастыруды ұсынды. «Әлеуметтік желіде пікір алмасқаннан гөрі осындай медиа шараларда көзбе-көз көріп, тәжірибе жинақтаған тиімді», – деген пікірін білдірді.

Ең қызық әрі танымдық дәрісті IT маманы, «Сұрақ-Жауап» сайтының редакторы, жоба авторы Ербол Серікбай «Ақпараттық сайттарға SEO жасау» тақырыбында өткізді. Қолданушылардың қандайда бір сұранысы бойынша іздеу порталдарында сайтты алдыңғы қатарға шығару мақсатында жасалынатын іс-әрекеттер қандай болу керек екендігін әлемдік және отандық тәжірибелерге сүйене отырып жеткізді. Интернетте ақпарат таратудың құрылымы мен оған қойылатын талаптарды нақты мысалдармен дәлелдеді. Сонымен қатар пайдалы ақпарат көздерін де ұсынды.

Қатысушыларға танымал медиа мамандар, «Ұлттық интернет ассоциациясының» президенті Серікқазы Кәкібаланов, блогер Бақытжан Бұхарбаев, белгілі радио-жүргізуші, журналист Мұхамедәлі Бұхарбаев, «Инвесторлар Альянсы» қоғамдық бірлестігінің президенті Азаматхан Әміртаев, Шымкент қаласы әкімінің кеңесшісі-баспасөз хатшысы Нұрлыбек Жеңісбек, «Қазконтент» АҚ сарапшы маманы Сәкен Ділдахмет, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті Гүлнәр Мұқанова, Қырғызстандағы «Кабарлар» ақпарат агенттігінің редакторлары – Айжан Бақытбекқызы, Нұрсұлу Нұркамилова, т.б. шеберлік сағаттарын өткізді. Семинар-тренингтер аясында кейстердің шешімдерін табу жолдары қарастырылды. Жеке және топтық тәжірибелік тапсырмалар орындалды, жаңа жобалар таныстырылып, пікірталас, кәсіби кеңестер берілді. Барлық қатысушыларға біліктілікті арттыру курсын тәмамдағаны туралы куәлік, ұйымдастырушыларға алғыс хаттар табыс етілді.

Қорыта айтқанда, халықаралық деңгейде өткен мобильді медиа мектеп экспедициялық бағытта өз мақсатына жетті. Алдағы уақытта медиа сауаттылықты Қазақстанның басқа өңірлерінде жүргізу жоспарлануда. Игілікті істер мен тағылымды бастамалар өз жалғасын табады деген үміттеміз.

**Әйгерім ӘЛІМЖАН,**
*журналистика факультетінің аға оқытушысы*

# Мәңгілік ел жастары

**«Сөздің ұлысы - тарих», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, тарихтан ұлағат, өткеннен өнеге алмай болашақтың жарқын болмасы анық. Сол себепті де кемел келешекке ұмтылған «Мәңгілік ел» жастарының тарихтан тағылым алып, ұлы даланың нағыз ұландары болып қалыптасуы мақсатында жуырда «Мәңгілік ел» идеясы аясында №10 Студенттер үйінде тарих, археология және этнология факультетінің «Мұрағаттану, құжаттану және құжаттамамен қамтамасыз ету» мамандығының 1-курс студенттері арасында «Ұлы дала ұландары» атты интеллектуалды ойын өтті.**

Сайысқа қатысқан әрбір топ өздерін таныстыру барысында өлең шумақтарын өрбітіп, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. «Сұңқар», «Болашақ», «Жалын», «Жас тұлпар» деген топ аттарынан-ақ студенттердің еліне, жеріне деген махаббатын, патриоттық рухын, жеңіске деген құлшынысын байқауға болады. Сайыс жалпы 4 кезеңнен тұрды. Бірінші кезең студенттерді сергітіп алу мақсатында ойын түрінде өткізілді. Қатысушылар санына қарай алдын ала дайындалған шарлардың ішіне сұрақ жазылған парақшалар салынды. Сұрақпен қоса әрбір шарда 1 данадан тәтті кәмпиттер болды. Қатысушылар өзіне ұнаған шарды таңдап алып, ішінде жасырылған сұрақтарға жауап берді. Дұрыс жауап берген топ сол шардың ішіндегі тәтті кәмпиттерді иеленді. Ал, егер бұрыс жауап берсе, орнына басқа топ мүшелері жауап беріп қарсыластарының кәмпиттерін өз қоржындарына қосып отырды. Бұл кезең соңында топтар кәмпит санына қарай ұпай иеленді.

Екінші кезең «Қазақстан тарихына» арналды. 3 деңгейлі сұрақтарға жалма-жан, таласа жауап берген студенттер өз тарихын өте жақсы білетінін дәлелдеді. Бұл кезеңде топтар сұрақтардың деңгейлеріне қарай ұпай алып отырды. Екінші кезең аяқталғаннан кейін ұпайы аз топ ойыннан шығарылды.

Ал, үшінші кезең логикалық сұрақтар кезеңі болды. Біраз ойлануды талап ететін кезең де қатысушыларға қиындық тудыра қойған жоқ. Логикалық сұрақтар нәтиежесінде көп ұпай жинақтай алмаған тағы бір топ ойыннан шеттетілді.

Соңғы төртінші кезеңде 2 топ қана сайысты. Топ басшылары бұл кезеңде 1 минут ішінде қанша сұраққа жауап берсе, топ қоржынына сонша ұпай қосылып отырды. Сұрақтар «Қосалқы тарихи пәндерден» қойылды. Бұл шешуші, талас-тартысқа толы кезең болды. 2 топ та бір-бірінен қалыспай, бірдей ұпай жинақтауына байланысты қатысушыларға қосымша сұрақтар қойылды.

Сайыс соңында ұпай сандарын есептеу нәтижесінде жеңімпаз топ анықталды. «Сұңқар» тобы интеллектуалды ойын жеңімпазы болып табылды. Ойын соңында қатысушылар мақтау қағаздары және кітаптармен марапатталды.

Мәңгілік елдің жастары тек өз тарихын біліп қана қоймай, сонымен қатар, қосалқы тарихи пәндерден де жеткілікті дәрежедегі білімге ие болуы қажет деген ой бұл іс-шарада негізгі мақсат болды. Ұлы дала ұландарын тәрбиелеуде осындай іс-шаралар жиі-жиі өткізіліп тұруы өте қажет екендігіне тағы да бір рет көзіміз жетті.

**Тұрғанжан ТӨЛЕБАЕВ,**
*тарих ғылымдарының докторы, профессор;*
**Дінмұхамед БАЛҒАБЕК, Айдана САЙФУЛЛА**
*1-курс студенттері*

# «Брейн-Ринг» интеллектуалдық ойыны

**Жуырда Экономика және бизнес жоғары мектебінде «НСОФ» ғылыми үйірме жұмысы аясында қаржы кафедрасының оқытушылары және «Қаржы» мамандығының 3-курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Брейн-Ринг» интеллектуалдық ойыны өткізілді.**

Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың «Еліміздің келешегі – жастардың қолында» деген сөзі жастарымызға зор жауапкершілік жүктелетінін айқын көрсетеді. Бүгінгі ұрпақ ел ертеңі екенін үнемі жадында сақтайтын жастар Елбасымыздың бағыт-бағдар берген сара жолымен ілгері басып келеді. Ол үшін жастарымыз талапты да тапқыр, талғампаз да терең ойлы, жан-жақты болуы керек. Бұл сайыстың мақсаты да сол, қатысушы факультет студенттерінің жан-жақтылығын, озық ойын, терең білімін көрсету болып табылады. Тек қана экономика саласында ғана емес, әр түрлі бағытта өз білімдерін саралай білуі тиіс.

Бұл сайысқа Экономика және бизнес жоғары мектебінің 6 мамандығының, атап айтқанда, «Есеп және аудит», «Экономика», «Менеджмент», «Маркетинг», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Логистика» мамандығының 2-курс қазақ тобының студенттері қатысты.

Интеллектуалдық ойын 4 кезең бойынша тартысты түрде өтті. Нәтижесінде сайыс жеңімпаздары «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының студенттері «Ең таңдаулы экономист» атағын жеңіп алды және сыйлыққа кинотеатрға билеттер берілді. Қатысқан өзге командаларға әр түрлі номинациялар беріліп, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**Д. САДЫХАНОВА,**
*қаржы кафедрасы меңгерушісінің орынбасары;*
**Қ. ҚЫДЫРМОЛДАНОВА,**
*3-курс студенті*

**Военную кафедру КазНУ посетила делегация кадетов Национального Кадетского Корпуса Республики Индия**



**ҚАЛЕКЕС ЖАНСАЯ САЛАМАТҚЫЗЫ –**
*1996 жылы 18 мамырда Атырау облысы, Исатай ауданы, Зинеден селосында дүниеге келген. 2013 жылы Ю. Гагарин атындағы орта мектебін «Алтын белгіге» бітірген. Қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің 3-курс студенті, университеттік деңгейдегі «1-курс таланттары», «Студенттік көктем» байқауларының жүлдегері*

### САҒЫНЫШ ШЕРІ

Сағым далам...
Үндесетін жүрекпен дамылдаған,
Бір өзіңмен тынысым тарылмаған.
Жан бар ма екен шалғайдан шаң жұтқанда,
Туған жердің түтінін сағынбаған.

Қайран, ауыл! Дарытқан алмастығын,
Сені аңсаумен көңілде алжасты мұң.
Айқындадың беймәлім тіршілікте,
Дарынның тектен-текке жанбастығын.

Асау сезім жүректен алып ұшқан,
Жырымнан жырым туып жаңылысқан.
Біле білсең, о, достым, мұңың бәрі,
Кеудедегі сарқылмас сағыныштан.

Мұндай күйді басымнан кешпеген ем,
Тасып өстім еркелеп ес білгеннен.
Ауылы алыс балалықты аңсап жүрмін,
Керемет кез хабарсыз ештеңеден.

Арасында өскен ем лала гүлдің,
Балалықтың буымен шала күлдім.
Самаурыны қайнаған ауылымды,
Мен әлі де сағынып жүрмін.

### СОҢҒЫ МАЙДАН
### ( ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫНА )

Сонау қырдан бір азалы үн естілді,
Мынау қырдан бір ғажап үн естілді.
Кеудесінде «Қазақ» деген жүрек бар,
Қаһарманды мына жұртым кеш түсінді.
Кеш білді.

41-де жанап өтті қазағымның маңдайын,
Намысы өр сарбаздарың қарсы тұрды әрдайым.
Боздақтардың арқасында бейбіт күннің орнауы,
Сол Жеңістің арқасында тақылдаса таңдайын.

Не білмеген? Не көрмеген? Мынау дарқан қазағым,
Халқың үшін өз көріңді өзің ғана қаза алдың.
Сұм соғыстың есіргенде жағадан ап жиі аты,
Махамбеттің жоқтауындай болып еді азалы үн.

Қаралы еді мынау аспан жадырайтын күн келмей,
Сарбаздарың ажал құшты араға бір күн бермей.
Жәутеңдеген сәби қалды жанарына жас тұнып,
Омырауынан анасының еміреніп те үлгермей.

Сол жылдары еске түссе қарт атамыз жылайтын,
«Жаратқаным, көрсетпе» деп көз жасымды бұлай тым.
Сосын келіп қуанатын, жанарында күлкі ойнап,
Ұлы Жеңіс қазағыма болғаны үшін бір айқын.

Қуан, Қазақ! Қуан, елім! Күлімдегін, жадыра,
Жеңіс туы берілді ғой мына сенің бағына.
Ұлы Жеңіс ұлы ұрпаққа ұран боп,
«Соғыс» сөзі еш баланың түспесе екен жағына.

Соңғы майдан!
Соңғы соғыс!
Соңғы өлім!
41-дің топырағына көмілгін.
70-ші тарауы да кеп қалды,
Ұлы Жеңіс! Жалғасы боп өмірдің.

### ТУҒАН ЖЕР

Жүрмін жырақ,
Көкіректе қайнайды сансыз сұрақ.
Балалықпен жүрген ем, о, туған жер,
Топырағына бірде аунап, бірде құлап.

Қиырдасың...
Сенсіз білем қайғының тыйылмасын.
Бәрібір мен өзіңнің құлыныңмын,
Топырағың бұйырсын, бұйырмасын.

Жат қалада...
Дәрменім жоқ сырымды ақтаруға.
Төзіп келем басқалай күшім жетпес,
Бағбанын Жүректің басқаруға.

Келіп көктем...
Санамда сіркірейді жауын көктен.
Бір уыс топырағың бұйырса екен,
Арманмен арпалысып өліп кетсем.

Алматы, көктем.

### СЫРЛАСУ

Қара түнек қаптап тұрды аспанды,
Көк көрінбей қап-қара түн басқан-ды.
Сөнді жұлдыз, қарс айырылды көкірек,
Бар қазақтың жанарынан жас тамды.

Осынау күн! Қалар енді мәңгі есте,
Қайран, қазақ! Еміренді, алды еске.
Ақ Жайықтың арда туған ақыны,
Кете барды. «Қош» деді де келмеске.

Қайғырды жұрт, ет жүрегі езілді,
Арқалы елден артықтау мұң сезілді.
Поэзияны «патша» көрген кейбіреу,
Қарқынымен сендік жырдың көз ілді.

Сағынды ел! Сенің саңлақ даусыңды,
Кете бардың, артқа тастап қанша үлгі.
Фаризаның поэзиясы өлген жоқ,
Қаламының сиясы тек таусылды.

Туған жерін, Нарын құмын қырдағы,
Басты беткей сол болатын жырдағы.
Туған үйден шыққан қара түтіндей,
Ауылдың да түрі осындай мұндағы.

Ерке жырың бақты елді есер ғып,
Өлеңіңнің өрнегі жоқ өшерлік.
Қазынасы қазағымның қара ауыл,
Қазық болса, қара өлеңмен өсер ұлт.

***

Апа,
Жөнім жоқ-ау алдыңда иілмейтін,
Кез жоғалмас «жарығым», «күнім» дейтін.
Сен ғаламға күнәсіз өлең бердің,
Өзгенің өзегінде тірілмейтін.

Тірілмейтін өзгенің құшағында,
Тәңірдің берген сыйын құшамын да.
Вокзал біткен жатырқар сыңай беріп,
Гүлің отыр арманның құшағында.

Күдер үзбей бақыттың мекенінен,
Топыраққа сыр айтып кетемін мен.
Есейдім бе, кеш ұқтым дей алмадым,
Хабарсыз ем сезімнің не екенінен.

Апа,
Тас қала тас жүрек қып жіберді әбден,
Елді аңсадым, не қалды мына қалден.
Таяғыңның бір ұшын жеп өстім ғой,
Бақытты балаңмын ғой, сірә, да мен.

Апа,
Тырысам ба өзіңнен бата аларға,
Себеп таппай өзгеге аталарға.
Қадірлі де сөз айтып жарытпаппын,
Өзгеге «Мама» деуге бата алам ба?!

Апа,
Мен үшін күйің бөлек, сыйың бөлек,
Сол атыңмен қадірлісің, шыным, демек.
Құрсағыңда өлең боп оқылдым ғой,
Өлеңді де өзіңдей сүю керек!
Өзіңді де өлеңдей сүю керек!

### ШАТЫРСЫЗ КҮН КЕШУ НЕМЕСЕ ДОСЫМА ХАТ

Мен Түнді жақсы көрем,
Себебі жоқ...
Тек аспанмен оңаша тілдесемін.
Жаңбырды да жазғырып керегі жоқ,
Мен, өйткені шатырсыз күн кешемін..

Күн кешемін, ол даусыз сезесің бе?
Сезесің бе? Бұлттардың жарысқанын.
Мен сені шақырамын, келесің бе?
Бір көрейік...
Түн Таңға ауысқанын.

Өкінішсіз, өкінішті ғұмырда,
Сезім неге,
Сезім неге жауапсыз.
Саған айтқым келген еді бұрын да,
Әттең, түсінбеуге таяпсыз..

Мен әлі жазбай жүрмін,
Жаза алмадым отты өлең.
Көктен күтем жүректің тыныштығын.
Мен түсімде от көрем!
Ол маған көрсетеді бір ұшқынын.

Сен өлесің, мен де өлем,
Біз өлеміз!
Ақиқатын айтуда аспан маған.
Өтті бәрі, амалсыз тек көнеміз,
Көкіректі қайтейін, аспандаған.

Сезім үшін, өзім үшін,
Тіл тимеген у-дың да көбі ішілген.
Өмір сүр, өзгермеші, өзің үшін,
Бақ сұрадым, Тәңірден, сен үшін мен.

Ұқшы, бірақ жапырақ күрсінгенін,
Жылайды ол ақ қардың тасасында.
Бар адам бақытында жүрсін дедім,
Бар адам жақсылығын жасасын да.

Мұң өлсе де сұрарым Түн өлмесін,
Керек шығар сезімге тұрақтылық.
Өлеңімді оқырсың мен өлгесін,
Қабірімнің басында жылап тұрып.

*13.12.15 04:35*

***

Бүгін жауған аппақ қарға ұқсайтын,
Бүгін атқан аппақ таңға ұқсайтын,
Сіз сыйлаған мақпал түнге ұқсайтын,
Менде де бір ЖҮРЕК бар...

Нұрын төккен ақ жаңбырға ұқсайтын,
Өкінішсіз қыз-тағдырға ұқсайтын.
Жүректегі бар мұңыма ұқсайтын,
Менде де бір ҮМІТ бар...

Қар жасырған жапыраққа ұқсайтын,
Қар көмкерген атырапқа ұқсайтын,
Біз аңсаған махаббатқа ұқсайтын,
Менде де бір СЕЗІМ бар...

Қаңтар соққан ақ боранға ұқсайтын,
Жарқ-жұрқ еткен найзағайға ұқсайтын,
Бұзылмаған бір қамалға ұқсайтын,
Менде де бір МІНЕЗ бар...

Күзді өткерген таңдарыма ұқсайтын,
Көктемдегі арманыма ұқсайтын,
Айтылмаған сырларыма ұқсайтын,
Менде де бір ӨЛЕҢ бар...
Мен өлсем де, өлтірмейтін ӨЛЕҢ бар!
ТӘУБЕ!

*10.12.15 22:10*

### ОН СЕГІЗБЕН ҚОШТАСУ

Бүгін менің туған күнім десем де,
Құйылмай тұр ақ нөсердей жыр көктен.
Жасым менің келсе дағы нешеге,
Бұрынғыдай бола алмайды бұл көктем.

Бұл көктемім бола алмайды былтырғы,
Көктемімдей құбылмайды жаңаша.
Енді маған көрінеді бір түрлі,
Ойын қуып, жүгіру де балаша.

Он сегізде қалып қойды сезім де,
Бозбала мен бойжеткен боп ән салған.
Қайран, менің оқушылық кезімде,
Әр сөзіме базбіреулер тамсанған.

Сол бір уақыт көрсететін дара ғып,
Еншісінде қалып қойды өткеннің.
Он сегізбен бірге кетті балалық,
Сарқыты боп әткеншегі, көктемнің.

Келіп қалды ОН ТОҒЫЗЫМ қарсы ал деп,
Несін айтам? Айып болар сөккенім.
«Балалығым қош бол» деп мен айтам тек,
Жадымдасың ОН СЕГІЗІНШІ КӨКТЕМІМ.

### АЛМАТЫҒА СЫР

Жұбатқан қала. Тасытқан қала.
Мұңайтқан қала. Жасытқан қала.
Бұл қала маған өлең боп қалды,
Мекен боп қалды ғашықтарға да.

Мұныма менің сене алмасын кім?
Көтеріп жүрмін желкенін жырдың.
Мөлдір өлең боп бір күн туам да,
Көрінбей кетем, жоғалып бір күн.

Көрінбей кетем, сен мені күтпе,
Ақының да бұл қалмады түк те.
Өлеңім бірақ, өзіңе аманат,
Алматым менің, жырымды сөкпе.

Алматым менің! Қарашы маған,
Өлеңнің тусам қарашығынан.
Аңыз боп қалсам, себепші өзің,
Қарыз боп қалсам, боларсың,
Араша маған.

Көрдің ғой талай көктемнің баласынғанын,
Талай ақынның болды ма наласы әнің?!
Жалғызсыратпай отырам жағалауыңды,
Суың да мөлдір, алайда сезеді бәрін.

Сезеді бәрін көктемі тумысы бөлек,
Біреулер сені сөгеді-ау керексің бе деп.
Ақының жүрсе өзіңмен дос боп ұғысып,
Өлең де солай өзіңмен күн кешу керек!

# КӨШБАСШЫЛАР МЕКТЕБІ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлімінің ұйымдастыруымен «24 сағатта көшбасшы болудың жолдары» атты Көшбасшылар мектебінің семинар-тренинг бағдарламасы бойынша оқу курсы аяқталды.**

Оқу жылы аяқталып, қара шаңырақтағы жобалар мен іс-шаралар өз мәресіне жетіп жатыр. Сол секілді Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлім бастығы Асқар Әскеровтің жетекшілігімен үш айға созылған Көшбасшылар мектебінің дәрістері жуырда қорытындыланды. Бес жылдан аса ғұмыры бар Көшбасшылар мектебі бірқатар көшбасшыларды дайындады.

Бастапқыда студенттерге арнайы сауалнама ұсынылды. Мектептен дәріс алғысы келетін студенттердің барлығы қабылданып, оларға қызықты болатын тақырыптар сауалнамаға қарай іріктелді.



Осы уақыт аралығында өз мамандарының білгірлері мен білімділер келіп, тәжірибелерімен бөлісіп жатты. «WikiBilim» қоғамдық қорының президенті, «Болашақ» шәкіртақысының иегері, университет түлегі Әлібек Қисыбай, ҚР Ұлттық банк ішкі аудиторы Сәбит Мәті, «HasLey» мектебінің негізін қалаушылар - Лейла мен Исмаил, TG group компаниясының серіктесі, TG Drive бағдарламасының негізін қалаушы Айсұлу Дүйсембаева, әлемдік университеттердің бестігіне енетін Мадридтің бизнес университетіне оқуға қабылданған, «Қазақстанда жасалған. Халық маркасы» дүкенінің негізін қалаушы, университетіміздің 4-курс студенті Рахима Ғазизова, «Qazaq brothers» фотостудиясының атынан 15 адамға тегін фототүсірілім, «ABRIS» тренинг орталығының директоры, коучер Ақан Мергембай мен арнайы өкілі Ескендір Бестай, т.б. азаматтар әр түрлі тақырыптарда ой қозғап, өскелең ұрпақпен өзінің идеяларымен бөлісіп, жаңа жетістіктерге ынталандырды.

Айта кететін жайт, үш айға созылған дәріске қатысқан әрбір тыңдаушы жаңа тәжірибе мен білімнен бөлек, арнайы тосын сыйларға ие болды. Көшбасшыларға оқу курсын өткені туралы сертификаттар, демеушілер дайындаған арнайы сыйлықтар табысталды. Атап өтетін болсақ, «ABRIS» тренинг орталығының тренингіне тегін қатысу мүмкіндігі, «Motion Club» ойын орталығында PS4-ке жігіттерге арнайы сертификат, Kinopark кинотеатрлар желісіне 20 билет, HasLey мектебі үш 100% тегін оқу курсы мен 50% оқу курсына сертификат және TG group 20000 теңгелік сертификат табыстады.

Көшбасшылар мектебінен өткендердің көп бөлігі 1-курс студенттері болды, ал оларға қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар беру - біздің басты мақсаттарымыздың бірі. Елбасымыз айтпақшы, «Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман».

**Дәметкен АБДУЛЛАЕВА,**
*Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлім маманы*

## ҚазҰУ-да Аманжол Қалыш Боранбайұлы еңбектерінің тұсаукесері өтті

# Ұлағатты кездесу

**Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінде «Тұра би» клубы және студенттер ғылыми қоғамының ұйымдастыруымен ҚР Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, өз заманының жанашыры һәм қаһарманы, оқырман санасына сәуле сеуіп, жүрегіне жол тартқан бірнеше жүздеген шығарманың авторы – Қабдеш Жұмаділовпен кездесу кеші өтті.**



Шараның басты сәні де, әрі де, себепкері де, сыншысы да, сыйлысы да Қабдеш ағаның өзі болды. Сұхбаттасу сәтінде кеш қонағы қазақ халқы көрген талай алмағайып заманды өзі мен өз замандастарының басынан кешірген оқиғалары арқылы әңгімелей келіп, бүгінгі буынның ағынан тартып, шалғайына жабысқан біркатар мәселелерді де ашып айтты. Жазушылардың қазіргі қоғамдағы орны мен беделі жөнінде де әңгіме өрбіді.

Кездесуде жастардың тарапынан қойылған сауалдар мен айтылған алғыстар мен лебіздер легі көбіне-көп жазушының жаңадан жарыққа шыққан кітабы – «Академиктің көз жасына» қатысты болды. Сөз жоқ, жинақтағы туындылар арқылы тарихымыздың таразыланбаған тұстарын классиктің көзімен, қазақ әдебиетінің көзі тірі классигінің көзімен көре алдық. Әр шығармадағы Имантайдың, жоқ, қазақтың Қанышы, Найманның келіні – Ақсұлу, көкжал батыр – Оспан, Әубәкір карт, Әріп Тәңірбергенов есімдері қазақты, қазақтықты қайтадан тануға дем беріп, бүгінгімізді бағалауға, бүгіннің таңын атырған кешегі күнді, кешегі ерлікті, кешегі құрбандық пен адалдықты ұмытпауға қанаттандыра түседі. Бір сөзбен айтқанда, «Академиктің көз жасы» - ақиқаттың айнасы.

Сонымен қатар, қонақ ретінде қатысып, ыстық ықыласын жасырмаған С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінің доценті Т.З.иЗайсанбаев сол қиын-қыстау кездегі Алтай қазақтарының халық әуендерін күдіретті қара домбырамен шырқап берді. Қазақтың жазирасындай дауыстан, қасиетті домбыраның күмбірінен кештің басты кейіпкері де, жиналған қауым да өз жанының жайлауын тапқандай, мейірлене тыңдады. Студенттер Халық жазушысына арнап жас жүректі жарып шыққан жырларын да паш етті.

Кеш соңында қазақ әдебиетінің «дарабозына» «Тұра би» клубының жетекшісі, аға куратор-ұйымдастырушы Гүлшат Уәбиденқызы өз алғысын білдіріп, факультетіміздің 20 жылдығына орай шыққан кітапты факультет атынан ұсынды. Қабдеш Жұмаділовтің өз қолынан қолтаңба алып, бірге суретке түскен студенттер де қуаныштарын жасырмады.

**Гүлшат АХМЕТАЛИЕВА,**
*«Тұра би» клубының жетекшісі, аға куратор-ұйымдастырушы*
**Назерке БҰРХАН,**
*«Әлемдік экономика» мамандығының 3-курс студенті*

# Проекты студентов в дело

**Недавно в КазНУ прошел международный студенческий форум «Зеленый мост через поколения», на котором был представлен проект «Переработка мусора». Под руководством д.э.н., профессора, заведующей кафедрой А.М. Байдильдиной интересный проект выполнил студент специальности «Учет и аудит» Жанбыр Султан. В своей работе он предложил доступные методы переработки этого сырья.**

Результаты переработки пластиковых отходов – вторичные полиамид, поливинилхлорид, полипропилен, полиэтилен. Потребляют продукцию мусоропереработчиков любые предприятия, производящие пластиковый ширпотреб (за исключением изделий, которые входят в непосредственный контакт с пищевыми продуктами, фармпрепаратами и т.п.). Заводы покупают вторичный полиэтилен по 2,2-4,5 грн. за 1 кг (первичный продается не дешевле 4,5-4,6 грн. за 1 кг). Из 1 кг отсортированных пластиковых отходов "выходит" 0,8 кг вторичного полиэтилена. По оценкам специалистов, человек «вырабатывает» в год до 250 кг бытовых отходов. В среднестатистическом мусорном баке около 25% занимают пищевые отходы, 5-10% – бумага, 50% – полимеры, остальное приходится на металл, текстиль, резину, стекло и прочий хлам. Классический путь удаления отходов (контейнер – мусоровоз – свалка – рекультивация) сегодня неэффективен и, кроме того, потенциально опасен, поскольку даже тщательно обработанная и засыпанная почвой свалка является источником «свалочного газа», стимулирующего парниковый эффект. Один из самых «трудноперевариваемых» видов отходов – пластиковая упаковка. К сожалению, о централизованном раздельном сборе твердых бытовых отходов (ТБО) пока только ведутся разговоры. Причина самая банальная – нет денег. Поэтому у средних и малых предприятий есть шанс обосноваться на «мусорном» рынке, заработать первичный капитал и самим сформировать ту систему сбора и переработки ТБО.

Итак, «мусорный» бизнес можно назвать привлекательным для инвестиций: конкурентная среда вполне благоприятная, мусороперерабатывающих компаний немного, самого мусора – просто завались. Вложенные на первых порах средства окупить можно достаточно быстро. При этом рентабельность бизнеса доходит до 50%.

**Н.А. ТОВМА,**
*доктор (PhD), доцент,*
*зам. зав. кафедрой «Учет и аудит»*

# Ақынмен кездесу

**Тұлпарға мінген ұлы даланың**
**Тарпаң мінезді ұлы боламын.**
**Жауларым семсер сілтеген сәтте,**
**Қиылған талай гүлім,қарағым...**
**Осынау өміршең өлең шумақтары ұлтжанды, арда ақын Маралтай Райымбеков шығармашылығының болмысын көрсетері хақ.**



Қазақ халқының тәуелсіздігін ту ғып ұстап, «ақтаңдақ» жылдардың ақиқатын толассыз жырларымен тебірене қалам тербеген Маралтай есімі әрбір жүрегі «қазақ» деп соққан ұлт өкілдері үшін жақсы таныс. Оның шығармашылығы жаңа буын жастарға ой салары мәлім. Осыған орай жуырда тарих, археология және этнология факультетінде тарихшы-ұстазымыз Кәрібаев Берекет Бақытжанұлының бастамасымен ақынмен кездесу кеші ұйымдастырылды. Осы шара барысында мен ол кісінің дарын тұнған ерек тұлғасымен қатар, осынау арынды мінез астарында адамгершілік құндылықтарының алапат ұшқындары жасырынып жатқанын байқадым. Өзінің өмірі, шығармашылығы жайлы сыр шерткен қаламгер еліміздің ертеңі мен бүгіні жайлы, тарихи кезеңдердің қалтарыс-бұлтарысы хақын да тілге тиек етті. Ақынның астарлы ойларымен, қарымды қаламынан туған жырлары келешек ұрпақ бойына ұлтын ұлықтар асқақ рух пен сенім қалыптастырары айқын.

Қазақтың маңдайына біткен дарын иелері әуел бастан-ақ елдің еңсесін көтеріп, беделін аспандатқан. «Ерім» дейтін ел болмаса, «елім» дейтін ер қайдан шықсын демекші, осындай дарынды азаматтарымызды ұлықтар ұлтжанды ұрпақ өкілдері көп болғай. Осындай тәрбиелік мәні зор кездесудің болашақ тарихшылардың ұлтжанды азамат болуына тигізер көмегі көп деп санаймын.

**Ә. ЖАНБОЛАТОВА,**
*тарих, археология және этнология факультетінің 1-курс студенті*

**Жақында ҚазҰУ-дың ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының ұйымдастыруымен «Түркітілдес журналистер қоры» ҚҚ-ның медиатренері, фотограф Мақсат Құсайынов шеберлік сағатын өткізді. Ол кәсіби фотожурналист ретінде қызметтегі тәжірибесімен бөлісті. Біз «Фотоаппаратты қалай дұрыс қолдану керек?», «Фотоколлаж жасау жолдары қандай?», «Суретке түсірудің қандай ережелері бар?» деген сауалдарға жауап алдық.**

# Жаңа бастама




Студенттер фотоаппарат құрылысымен танысып, режимге қою тәртібін, суретке түсіру әдісін үйренді. Фотоколлаж жасау бағдарламасын әр студенттің ноутбугына тегін жүктеп алуға мүмкіндік берілді. Фотоға түсіру – журналистиканың ажырамас бөлігі. Сондықтан бұл өнерді игеру болашақ тілшілерге аса қажет.

«Мақалаға сай деп таңдалып, басылымға берілген сурет те сөйлеуі керек. Себебі, біз тек сөзбен ғана емес, суретпен де адамның айтпақ ойын, эмоциясын көрсетуіміз керек», – дейді Мақсат Құсайынов.

Бұл игі бастама ҚазҰУ журналистика факультетінде құрылған Студенттер баспасөз орталығы мен «Түркітілдес журналистер қоры» ҚҚ- ның арасындағы келісім арқылы жүзеге асты. Алдағы уақытта студенттерге тегін медиатренингтер өткізіліп отырады. Мұндағы мақсат – мультимедиалық журналистиканы дамыту. Суретті, бейнекөріністі, аудионы, мақаланы біріктіріп, жан-жақты мағлұмат беруге арналған «мультимедиа» журналистер үшін аса маңызды.

Заман талабына сай журналистерді дамытуды қолға алған бұл бастама әзір аяқталмақ емес. Сондықтан журналистика факультетінің барлық студенттеріне ақысыз шеберлік сағаттарына қатысып, білімін тереңдетуге кеңес береді. Бұл – болашақта меңгеруге тиіс мультимедиа құралдарын үйрену үшін студентке таптырмас мүмкіндік.

Медиатренерлер тек фотожурналистикаға қатысты емес, жалпы журналистикаға байланысты көптеген ақпаратпен бөліспек.

Келесі шеберлік сағаты «Фотожурналист құқығына» арналады.

**Айжан МОНКЕБАЕВА,**
*Студенттік баспасөз орталығы*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор м.а.: *Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА*
Жауапты хатшы – *Дариға АМАНКЕЛДИЕВА*
Тілшілер: *Қаламқас АМАНҚОСОВА, Елдана ТОҚБАЙ*
Дизайнер – *Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ*
Фототілші –*Марат ЖҮНІСБЕКОВ*
Корректорлар: *Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлығаш ИБРАГИМОВА*

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.:2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.